

Б 83(5К)
Қ23



«ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР»



ҚАЙТА ОРАЛҒАН
ҚАЛАМҒЕР

**ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ –
АУДАРМАШЫ**

ПӘРЕНЖІ (ПЕРДЕ) ЕРТЕГІСІ

(Асылы орысшадан)

Қызыл таңдағы да, ымырты да, аласәулесі де жоқ, “келе жатырмын” деместен, соғыс жарияламастан кара түн келді де, жарық күнді жағасынан алып ұрды.

Тек қоныр салқын арықтың ақырын сыбдыр қаққаны болмаса, төңірек құлаққа ұрған танадай мелшиді.

Әлдеқайда бір бармақ домбыраны дымғырлатқан болады; домбыра арыққа ән қосады, адамның жаны ол әнге неғып сыйсын...

Жүз-жүзден жылдар теңдеген Самарқанның салауатты мешіттері жалбарғандай қолдарын кокке ұсынуда. Шаһ зынданының арқалығы аспандай иіліп, үңіреюде. Адам қолымен жасап келтіре алмайтын Бибі ханым мұнарасының тамтығы мұнайып, мүлгуде.

Бибі ханым Ақсақ Темірдің қатыны деп қариялар да қауесет етеді. Өтірік-расын кім біледі. Бірақ ажал қайда болса, Ақсақ Темір сонда болды деседі. Өйткені, ұлы ажал долы Темірдің ғана қолынан келген ғой.

Алыстан ат өктеп, аптығып келген азамат масаты шатырға кіріп, тәжім етіп, иран патшасы еркімен бағынатын емес деп хабар бергенде Темірдің қылжыр, қыли көзі нажағайдай жарк етті де, қабағы жауар күндей түйіліп кетті. Таң атысымен ат жалына ұмтылған, қорамсақтарынан сарбас түксиген орданың сансыз қолы ұшы-қиыры жоқ даланың соны шөбін жапырып, жосылтып, сендей ағылды. Самарқан аңырады. Қасында топты күн-нөкер Бибі ханым масаты шатырдың саясында шөптің сыбдырына, қасқырдың ұлуына құлақ салып, атлас төсекте төнбекшіп, таңды таңға ұрды. Бибі ханым қорықты дейсіздер ме? Неден қорқады? Темірді жан жсңіп көрген жоқ, оның болағ жүрегінен отегін садақты әлі бір ұста жасаған жоқ.

Күндерден күн өтті. Өткен сайын көзінен от кетіп, қабағын шытып, ернін еміре гістеп, Бибі ханым есалаң адамша кілем үстінде сендел қакты. Ақсақ Темір әлдебіреуді сүйіп қоя ма деп, түн баласында кірпігі айқаспайды. Лузына тілі сыймай, келе ұшып жығылған шабарман иран жұртын Темір жсңді деп хабар бергенде Бибі ханым асыл білезігін атып тастады, ханның асау аптығын жалғыз өзі иемденуге Алладан жәрдем тіледі; Аллаға ісім жақсын деп, хан келгенше мешіт салдырмақ болды. Ондай сұлу мешіт жер жүзінде болмау керек қой.

Жұрттан асқан шеберді іздеткенде ханның бір бегі тұтқын арабғы жіберді.

Тал бойында бір міні жоқ, сүйіріктей қара торы жігіт шатырға кіріп келіп, іркілмей бас иді.

Бибі ханым:

– Сен менің саласың, – деді.

– Құл болады. Сұлудан өткені өзім де салған емен.

- Сен ер екенсің, өнерің де ерлігіндей болса, сені азат етемін.
- Әкемді жақында құшады скем гой.
- Жаксылал жасай алмасаң, әкең өзінді емес, басыңды құшар,

деп ханым кекей жымыды.

Шебер ләм деген жоқ, нығын бір қысыл, шығып кетті.

Содан былай, таң атқан сайын Бибі ханымның көзі мешітке қарап, мешіт емес-ау, бақыт сұрап, тастаң соқтырған дуасына қарап оянар еді. Үйткені, бейнеусіз тас пен балшық ертегіден бетер, тамақта дуал боп өсіп келе жатыр еді. Түн асқан сайын мешіт көркейіп барады.

Ханым мәт: мешіт көңіліндегідей, мешіт дегенше, баққа аңсап, шөлдеген жанның құмартқан жыры десек болмай ма! Шебердің өнеріне тамсанбады, үйткені: а құдай, басыма бостандық бер, маңдайымды аш деп, о да жанын салып жатқанын ханым біледі гой. Шебердің қара торы жүзі кейде кенет құлпынайдай қызғылт тарта қалады, құба талдай майысқан мүсін денесі жып қаққандай қимылдайды, даусы тамағынан емес, кеудесінен шыққан тәрізденеді, қорыққан, дірілдеген, долданған топты құлдарды саусағының ұшымен, қабағының қағысымен құрдай жорғалатып, әмірін орындатады; Бибі ханым оның бәрін де бұя бастырмай қореді, аңдайды, тындайды, таң қалады.

Шебер жұмысының буына түскен, шебердің өнеріне, оның сұлу мешітіне құлдар да мастана, әуліге қимылдаған; о түгілі шебердің жалынды көзі түсіп кетсе, жансыз қара тастар да жан біткендей орын-орнына тұра қалған: мұның бәрі де ханымға алақанның иясындағыдай аян.

Тас пен балшық бақтың сұлу дуасындай тізіліп, қатарланып, өсіп бара жатқанын да ханым сезеді.

Алайда ханымның көзі бір нәрсені көрмейді: шебер жүрегінің асау толқынын сездірмеймін деп ханыммен бетпе-бет келгенде қырын-дап, қаймақ ерні қалтырап кеткенін, абайсызда арғынан көз жібергенін, тұн баласында шатырында төнбекшіп, ұйқы көрмегенін, “дауысым шығып кетпесін” деп, сүйріктей білегін канатқанша тістегенін ханым көрмейді.

Ертеңгі, кешкі намазда өзәлідің арбауына түскенін ұмытып, дуа орнына шебердің еріні бір ғана ханымның атын сыбырлағанын ханым естімейді.

Бірақ мешіттің ірге жағы шебер жатылған дуадай, шебер қадаған маржандай тізіліп келе жатып, үстіңгі жағы оқысынан құйкалақтанып, нілген аркалықтар, көлденең бүкпелер, кедір-бұдыр боп бара жатқанын ханым байқай қойды. Үзайқалан адамға мешіттің үеті мен асты, созылып намаз оқып тұрған адамның асау нәпсіні тыюға әлі келмей, қырдың қорқауындай жан шошырлық ащы дауыстап, ақырып жібергені іспетті көрінер еді.

Мешіттің өзгеріп бара жатқанын сезген күні сәскеде ханым шеберге қарап наздана езу тартты, үйткені, ханымның көптен ізетпен

шөлдеп, құмартқан балдырған денесі құмарлық билеп, делбеше бұраңдап, намазда тұрып, айқайлап жіберіп еді. Үйткені, ханды тезірек қайтара гөр деп, о да тәнірге жалбарынды ғой; шеберге ұсап о да әзәзілдің арбауынан қорықпай, жас жаны махаббат ансап, зарланды ғой; сондықтан оның тілегі де тәнірінің көкейіне қонғандай күштірек болды.

Шебер менің сырымды ұқты-ау дегендей, кете беріп, оған қарап, тағы бір жымыды.

Шебердің көзі кетіп бара жатқан ханымға түскенде білегін тағы бір қыршып, шатырына сүңгіп кетті.

Со күні кешке шатыр жанындағы жапырылған шөпті жанышқап аттын катты дүрсілі тағы естілді, үзенгі күнгір етті, алқынған шабарман шатырға арсалаңдап кіріп келді.

– Он күн өтіп, он бірінші дегенде Ақсақ Темір көреген осында болмақ, – деді.

Қан иісін сезген тағы мысықтай Бибі ханым бұлған етіп, дереу шеберді шақыртты.

– Бітуге қанша қалды? – деп сұрады.

– Мұнаранын төбесі қалды, – делі шебер жерден көзін айырмай.

– Оны тез бітіресің бе?

– Тіпті бітірмеймін, – деп, жатынды көзін ханымға қаратып жарк еткізді.

Ханымның іші сезе қойды, ызбала мырс етті.

– Ендеше, өлесің.

– Өлімнен қорықпаймын, жүрегім өзі де өлім аузында.

– Сені мен азат етемін деп серт қылдым ғой...

– Маған азаттық ажалдан тәтті емес.

Ханым шебердің от боп жайнаған көзіне тағы бір қарады да, нөкерлеріне сілейт деп бұйырды.

Ханым ертенінде тұрысымен оның шатырына кірді. Ол жатыр. Қол-аяғында бұралмаған, мертікпеген буын жоқ, сұлқ денесі найзағай соққан бұтақтай бейнеуі кеткен; камшы сойған аркасы көк ала қойдай, қан талаған, жалғыз-ақ көзі... көзі бұрынғы қалпы; көзіне тесірейе қарады да, ханым тысқа шықты.

Кешкісінде шатырдың босағасында еңтіккен ат тағы пысқырды да, Көреген үйде болады, – деп шабарман тағы хабар қылды.

Ханым ым қакты – шеберді тағы алдырды.

– Мешітті неге бітірмейсің?

– Сүйгенімнің сүйгеніне бола мешіт соққым келмейді.

– Сен мені сүйесің бе?

– Оны мешіттің тастары, айдай шағылысқан сырлары айтып тұр, занғар күмбезден гүілдеген даланың желі жырлап тұр! Бар махаббатымды осы мешітке төккендігімді әр топаны, әр тозаны сөйлеп тұр: әлде сен оларды көрмейсің бе?

– Коремін, ал не тілейсін?

– Көл емес. Дуылдаған аузымды улы түсті ерніңе бір тигізсең, болады.

Шебер бұл тілегіне:

– Әкет, сой! – деген жауап алды.

Ок жыландай бұрандап, безгектей қалтыраған, кобыздың шегіндей тырсылдаған ауыр ойлар ол түні ханымның басын ара шаққандай қылды. Күнін жылдай өткізген ұзақ айлар бойы жалғыздықта жанына жинаған құмарлығын бірге не ханға сақтап, құрамылтқан денесінің әрбір ләззатын, комағай ернінің әр сүйгенін соған ғана тағырам деп жүргенде шебер деген немесі сүйгіз дейді!.. Жок, карағым! Оның жөні не бола қойсын. Оның аты: ханның көзіне шөп салған, өз ырысынан өзі безген болмай ма?

Бірақ мешіт не?.. Оны бітіру керек. Әйтпесе, тәңірінің сілесіне қалып. Темір ханнан жұрдай боп, оған әлдебір әйелді құшақтатқаны да.

– Апырмай, енді не қылу керек?

Кешкісінде тағы шабарман келіп, қалған аз күннің бірін тағы шегеріп қойды.

Бибі ханым тағы ойға қалды. Мешіт бітпесе, не болмақшы? Хан-ның махаббатынан, өзінің рақатынан айрылмақшы. Ал шебердің көңілін тапса, оны хан білсе, онда не болмақшы? Ажал да.

Ажалдан бәлен қорыққан жок. Ақсақ Темір Көрсеннің ханымы емес пе?! Махаббат қуанышына салыстырғанда өмір соншама қымбат нәрсе емес. Сөйтіп, Бибі ханым:

– Шеберді келтір. – деп тағы әмір етті.

– Жүруге жарамайды, – десті.

– Еңдеше көтеріп әкеліңдер.

Шеберді кілемге салып, көтеріп әкеліп, ханымның аяқ жағына қойды. Бозарған жүзі одан жаман шөлмектей болып, сызықтары қылдырықтай болып, қазына қалыпты. Көздері бұрынғыдай жайнап тұр.

Ханым күңдерін ымдап шығарып жіберіп:

– Айтқаныңа көңдім. – деді.

Шебер жымын етіп, әнтек басын көтерді.

Ханым қасына келіп, тізерлей отырып, ернін сазды. Шебер еңсеріле ұмтылды, дәл жеме-жемге келгенде, ханым басын әнтек қырындата берген кезде кезерген ыстық ерні ұртына сүлікше жабысып қалды. Еңтіге, қушырлана сорып, мауқын басып, кілемге құлап кеткенше ханым тырп еткен жок. Ханым орнынан тұрғанда сол сүюден бейне бір шипа тапқандай, күйреген сүйектері әп-сәтте бірігіп, шыққан буындары салынып, жаралары жазылып, шебер де ұшып түре келді.

– Темір ханның келуіне қарсы мешіт дайын болады, – деді де, шебер шығып жөнелді.

Айтқанындай-ақ, хан келерден бір күн бұрын мешіт дайын болды. Көздің жауын алғандай мұнараның шаңқайған ашық сырын көргенде ханым таңданғаны сонша, шанк ете жаздап, дауысына әрен деп ие болды. Мұндай сұлу мешітті адамзат қолымен жасай алады дейсіз бе? Шебер сарғая, өзеурей күткен тілегінің бар қуанышын, үмітсіз талабының бар құмартқан күшін, жан-тілін салғандықтан, мешіт осындай болып шықты ғой; махаббат күші керемет қой.

Неше түрлі қымбат бұл, қалы кілем, асыл тас деймісің, ұзатқан қыздай он түйеге ырғап-жырғап, шеберді бір керуен қылып, ұзаттырды.

Шебер ханымға анадайдан үнсіз тәжім етіп, атына секіріп мініп, керуенін бастап, дөн асып жөнелді.

Ханым артынан қарап тұрды да, мешітіне көзін бір салып, көңілі жай тауып, қатты бір күрсінді.

Бірақ дәл сол кезде ұрты қышып бара жатқанын сезді. Колдары мұздай боп кетті, жүрегі тына қалды. Неден қорыққанын өзі де білмейді. Тұра шатырына жүгіріп, күміс айнаны жұлып алды. Түрін көрер-көрместе айна қолынан түсіп кетті. Маскара! Үлбіреген ақ құба ұртында шебердің жұп-жұқа ернінен қалған таңба тайга басқандай, баданадай боп, баттып тұр.

Ханым ұлы сәскеге дейін шатырында міз бақпастан сілейіп жатты. Бүгінгі түні хан болат білегімен бауырына қыспайды, құрамытқан, құмартқан денесінің сусынын кандырмайды, апарып өлтіріңдер деп әмір қылады да, қайтып есіне де алмайды деген ой мыын толассыз улады.

Ханым ханға бетін көрсетпеу керек, тым болмаса, бүгінгі түні жасыру керек. Енді қайтпек?

Неге болса да басын байлады. Мұндайда махаббат пердесін жанымен жаны ашығансып, андып жүретін әезіл сайтан айла тауып бере қойды.

Ханым бетіне пәренжі салды; өз қылмысын білдірмеу үшін, әйел біткен бетіне перде киіп жүрсін, бетін көрсетіп, еркекті қызықтырып, аздырмасын, үйткені, еркектің ойы дейім қасиетті, зор жұмысқа бөліну керек деп жарлық шашты.

Орданың одыраң әскері қиқуды салып, бөріктерін аспанға атып, садақпен көздеп, арынды аттары ауыздықпен алысып, Самарқанға сау-сылдап кіріп келгенде, шатырларының алдында бетіне қара салған, сымбатты бөтен әйелдер ұшырады.

Бірақ қан жұтып, шаң жұтып, соғыстан аң болып, әйелдің жылы қойнын аңсап қайтқан әскер тындасын ба, киімдерін пәренжісімен қабат сыпырып алып, тер сіңген кежімнің, кілемнің, олжа салған қоржындардың үстіне жалаңаш әйелдерді алды да ұрды, алды да ұрды.

Олардың ішіндегі ең күштісі де, ең тағысы да Темір ғой. Ол мешітке көзін салған жоқ, шатырға ентелей кіріп келді, Бибі ханымның бұраң белін таң атқанша алып білегімен айқастыра қысып, бос тұрған

сұлу сауыттай-ақ құмарлықтың қатты ашыған, ыстық сусынын толғанша құя берді.

Түні бойы, таң атқанша, мана жаккан сөнген оттан аулақ шатырдың көленкесінде, айдың сәулесінде құшырланған пістерден, еркектердің ентіккен демінен, әйелдердің мыңқылдаған, сыңқылдаған ыстық дауысынан құмарлықтың толқынды жыры жасаиды. Тек анда-санда жерде от басында ауақишып, терең сырлы күншығысындай, ескі, ашы темекінің түтініне булығып, уына елтіп, демігіл отырған қарау-қарау шылымшылардың көлеңкесі қарауытады. Олар жөтеледі, қырылдайды, бірінен соң бірі жан шошырлық, мәнсіз, мәс дауыспен сақылдап тұрып күледі. Олардың күлкесіне дала қарсақтарының ішін тартып ұлыған дауысы ән қосады.

Таңертең ше?... Таңертең Бибі ханымның жағасы жайлау, төбесі қыстау, езуі бір жиылған жоқ; жазаласа да, хан бәрін біліп қойып, ұстап әкелген арабпен екеуін қосақтандар деп, әмір қылғанда да езуін жнмады. Екеуін биік мұнараның басына алып шыққанда, өлер алдында бір сүймек болған шебердің отты ернінен басын бұлқытқанда да ханым жымниодан таңбады.

– Бәрібір екеуіміз бірге өлетін болдық қой. — деп, шебер омыраулағанда:

Бибі ханым басын былғап еткізіп:

– Жоқ, — деді.

Бір монет өткенде екеуін мұнарадан құлатып жіберген әскер, ханымды салбыратқан жін үзіліп кетіп, бейне махаббатың мамық тосегінде жатқандай, Бибі ханым қатты жерде емін-еркін, сұлу айдай жарқырап жатқанын көрісті.

Міне, Бибі ханым мешіті деген мешіт солай салынған еді, пәренжі киюдің ертегісі осылай айтылушы еді.

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. — Алматы: Ғылым, 1997. — 2-т. Повесть пен әңгімелер, аудармалар. — 240-246 б.

БАЛЖАН

(Рабиндранат Тагордан)

Баланың атын Балтілді деп қойғанда, сақау болады деген кімнің есінде бар? Екі апасының аттары: бірі – Сұлушаш, бірі – Күлімкоз болған соң соларға ұйқастырғалы әкесі кенже қызын Балтілді қойып еді. Еркелетіп Балжан деуші еді.

Қыз туды – масыл ғой. Екі апасын жасап, жабдықтап, реңдеп құтты жеріне қондырса да, кіші қызы ата-ананың жүрегіне қара тастай басып, өтпей отырып алды. Жұрт оны мақау болған соң құлағы да керен деп ойлады. “Сорлы. заманың әлде қандай болады?” деп, оның көзінше есіркеп, сөйлей беруші еді. Құдай ата-анасына қарғысқа бола бергенін Балжан бала жасынан сезді ғой: кісікиік болып, онаша күнелтіп үйренді. Жұрт Балжанды жан екен демей, ұмытып кетсейші. Онда да бір сәрі болар еді. Жан жарасын кім ұмытар? Балжанды ойлап, күні-күні ата-анасының жаны күйзеледі. Мылқау Балжан өте-мөте анасына қорлық боп көрінді. Анаға ұлдан да қыз бала тонның ішкі бауындай, он екі мүшесінің біріндей болмақ қой: қызының мініне анасы өз мінінен жаман ойлады. Ата байғұс аяй ма, кім білсін, сақау Балжанды өзге қыздарынан кем көрген жоқ. Қайта артық көрді. Бірақ анасы Балжанды мойнындағы кескектен бетер жек көрді.

Балжан тілден тақыр болғанмен, ұзын кірпікті саялаған сұлу қос қара көзден тақыр болған жоқ. Ішкі сырына айна болғандай оймақ ауыз, тәтті ернінен де Құдай оны кенде қылған жоқ.

Ойлағанымызды сөзбен жеткізбек болғанда дәл сөз таба қою оңай емес қой. Қалай айтсам екен деп, ішіннен лажсыз ойланасың ғой. Кейде сөзің ойыңа дәл келмей, жазатайым кетесің ғой. Ал қара көзге ондай тілмаштың қажеті жоқ. Жанның сыры айнаға түскендей дәл көрінеді. Қара көзде жан сыры тұтанады. Сөнеді, біресе лапылдайды, біресе тұңғыыққа батады, біресе батар айдай біртегіс нұрланады, біресе жарк еткен нажағай отындай көк күмбезін замат жарық қып жібереді. Туғаннан ерін қыбырлағаннан басқа тіл сыйына жарымаған жан көз тіліне жаттығады. Көз тілі ішкі сырды көрсетуге, теңіздей терең, таңдақ пен шапақ, сәуле мен сая кезек ойнайтын, аспандай ашық болады. Жарағылыстың өз бетіндегідей сақаудың бетінде әлдебір жалғыздық айбарының ізі жатады. Балжанның сонысынан қорыққандай өзге балалар онымен еш уақытта ойнаған емес. Балжан тілсіз, үнсіз, тал түстегі құла түздей жансыз.

Балжанның ауылын Шандуер деп атайтын. Ауылды жанап ағатын өзге Бенгел өзендерінен бәсірек жіңішке өзен (. .) ауылдың аруындай, тар арнадан бойы қорінбейтін. Осы тынымсыз аққан жылым су қасындағы ауылдың қыбырлап жұмыс қылған адамдарындай, кемерінен бір де шықпай, өз міндетін атқара беретін өзеннің екі жағасында ағаштан

тон жамылан, тұянадай үйлер созылатын. Өзен патшасы – пері қызы тағынан түсіп, ауылдың бау-бақшасына билік құрып, қара басының камын ұмытып, берекелі, құтты еңбекке елгезектеніп, үкідей ұшатын.

Байқадам (Балжанның әкесі) үйі өзеннің қақ жиегінде. Қасынан өткен қайықшыларға Байқадамның қорасы алақанның аясындай көрініп тұрады. Сол өлі мүліктің ортасынан жұмысын бітіріп, жасырынып жиекке келіп отырған шүйкедей қызға әлдебіреудің көзі түсеті ме, жоқ па – кім білсін, бірақ қыздың кемтігін жаратылыс өзі толтырды. Қызбен өзі сөйлесті. Судың сыбыды, ауылдың шуылы, қайықшылардың әні, құстардың шырылы, орманның сыбыры араласып, Балжанның жүрек діріліне құйылысып үндесуші еді. Бәрі қосылып, бір зор толқындай дауыс болып, Балжанның үрейлі жанына есігін ашып кіруші еді. Жаратылыстың осынау бұлдыр шуылы, осынау қыбыры сақау қызға тіл болушы еді. Өзін кірлік аясындағы осынау қара көздің сөзі маңайдағы дүниенің сөзі тәрізденуші еді. Басында торғай шырылдаған ағаштан бастап, жымындаған момын жұлдызға шейін – бәрі де ымдасқандай, қолдарын сермескендей, сойлескендей, жылағандай, күрсінгеншей болар еді. Шеке қызар, ми қайнар түс болып, қайықшылар қайығын доғарып, тамаққа кеткенде, ауыл адамдары маужырап ұйқыға батқанда, құстардың шырылы тынғанда, паромдар қаңтарылғанда, қыбырлаған жұрт тыным алғанда, дүние иесіз аңырап, жансыз алыпқа айналғанда, көктің көз жеткісіз жан сүйсінерлік көк күмбезінің астында жалғыз-ақ меніреу жаратылыс пен меніреу қыз қалар еді. Екеуі де үнсіз сойлер еді, біреуі күннің жомарт нұрына шомылып, бірі аласа ағаштың саясына тығылып.

Алайда Балжан достан да құралақан емес. Қорада екі сиыр бар: Жантак пен Месқарын. Балжанның аузынан өз аттарын өмірі естімесе де, аяғының тықырын олар жақсы біледі. Балжанның оларға айтар сөзі болмайды, бірақ оларды еркелетіп, бірдемені былдырлайды. Сарылдаған сөзден де достың былдыры оларға көп ұғымды. Өңгелерден де Балжанның оянганы, жылы ұшырағаны оларға жағымды. Балжан қораға кіріп, Жантакты мойнынан құшақтайды: жағын жағына үйкейді. Ол кезде Месқарын момақан көзін бажырайғып, Балжанның бетін жалайды. Мерзімді уағында сиырларына Балжан күніне үш рет келеді, кейде одан да жиі келіп қалады. Біреуден ренжіткендей сөз есіткенде Балжан үнсіз достарына мезгілсіз де келіп жүреді. Олар Балжанның мұнды баяу көзінен жан жапырығын оқыған іспеттенеді. Таяу келіп, мүйіздерін ептеп колына сүйкеп, үндемей, дөрекіленіп, Балжанды уатқан болады. Бұл екі достан басқа ешкілер де, мысық та бар-ды. Олар Балжанға онашылдығын көрсетсем десе де, сиырлардай дос қылмаушы еді. Күндіз демей, түн демей, қалт еткенде мысық Балжанның тізесіне қарғып шығып, қалғып пырылдаушы еді. Балжан нәзік бармақтарымен желкесін, арқасын сипаса, бір жасап қалар еді.

Жақсы жануарлар арасынан Балжанның бір жолдасы болды. Бірақ онымен арасы қандай екенін айту қиын. Өйткені, ол сөйлей білетін адам мен Балжанда ұғысатын тіл бар ма? Ол – Үсейіннің мейлінше жалқау кіші баласы Әлтай еді. Әлтайды адам қылам деп, ата-анасы осынша талпынса да, түк шықнасын біліп, күдерін үзген еді. Дегенмен жалқаулардың да бір артық жері бар: үй іші жамандаса да, оларды өзге жұрт тәуір көреді. Жұмысқа айналмай қолы бос жүрген соң, олар әлеуметтің меншігі болып алады. Әрбір қалада таза ауамен дем алып, бас қосарлық бір орын болады ғой, сондай-ақ күнін кім көрінгенмен мылжындасып өткізетін, тентіреген, еріккен ски-үш еріншек әр ауылға да керек. Істерлік іс болмаса, әңгімелесерлік кісі керек қой, сондай кезде еріншек қолыңа түсе кетеді.

Әлтайдың басты кәсібі балық аулау болатын. Уақытының көбін ол аушылыққа жұмсайтын. Әлтайды іздеген кісі күнде түстен кейін өзен жиегінен табатын. Әлтай жиекте отырып, Балжанмен көп кездесетін. Қандай жұмыс қылса да, Әлтай жанында серік болғанын жақсы көретін. Балыққа қармақ салып отырған кісіге сөйлемейтін серік қаса көрім ғой. Үндемейтіні үшін Балжанды Әлтай бағалы адам деп санады. Өзгеше көргендігі ғой, өзгелер Балжан десе, ол Бал дейтін болды. Балжан томар ағашының көлеңкесінде отырады. Анадая жерде Әлтай отырып, қармақ салады. Әлтай дәйім азырақ қамыр әкеледі. Балжан қармаққа шаншуға оны даярлап береді. Қасында ұзақ отырған соң, көзінің сұғын сағқан пайдасыз адам көрінбейді, Балжан оған шынымен көмек көрсеткісі келді-ау дейміз. Бірақ жұмыс жоқ, қалай көмегің тигізсін? Сонда Балжан “Балымның мұндай іс қолынан келеді деп ойлаған емен” дегізіп, Әлтайды тандандырғандай бір оқыс күш бер деп, жаратушыға жалбырынады.

Ой-дүние-ай! Балжан перінің қызы болып, судан ақырын шыға келіп, жылан бас асыл тас әкеліп берер ме еді! Онда Әлтай жаман аушылықты былай тастап, дүниені кезіп кетер еді. Кімді іздеп десейші? Күміс сарайда, алтын төсекте жатқан Байқадамның балдырғандай майысқан Балжанын іздеп. Күнмен шағылысқан асыл қазына патшасының қызы – біздің Балжанды іздеп. Бірақ бұл болмайды ғой, мүмкін емес қой, дүниеде болмайтын нәрсе жоқ қой. Сондықтан емес, Балжан жер астындағы патшаның қол астында тұмай, Байқадам үйінде туғандықтан. Сонсоң Үсейіннің баласын қалай таң қалдырар?

Балжан бірте-бірте бой жетті. Бірте-бірте есі кіріп, ішкі сырына бойлады. Ішіндегі жаңа ойлар айдың он бес жаңасы кезіндегі қок теңіздің қиядағы толқындарындай көтеріліп, сыртқа шығуға жол таба алмады. Балжан өз ішіне үніліп, өзінен әлденелерді сұрады, бірақ түсінгендей жауап ала алмады.

Күндерде бір күн ай төбеден асқан, түн ортасы ауған мезгілде Балжан есігін егіп ашып, тысқа қорғалап қарады. Самалдай жарық түнде жалғыздық көрген Балжандай жарағылыс маужыраған жерге көз

салып тұрады. Көкірегіндегі асау, албырт жас өмір аттай тулады. Сүйініш пен күйініш кемеріне жетіп, жанын кернеді. Балжан ұшы-қиыры жоқ жалғыздықтың ең шетіне жетті, жетпек түгілі аттан кетті. Жүрегі қорғасыннан ауыр тартты. Қайтсін, түк айтуға мұршасы келмеді. Аласұрған үнсіз анасының етегі жанында аласұрған, қимылсыз, үнсіз сілейін тұрып қалды.

Күйеуге қалай берудің қарызын ойлап, ата-анадан маза кетті. Көршілері қорлап өлтіріп барады. Ортамыздан қуамыз деген сөздердің шетін де шығарды. Байқадамдікі – ауқатты үйдің іші, күніне балық етін де екі жейтін үй. Ондай үйдің досынан дұшпаны көп болмақ қой. Аяғыла бұл жұмысқа әйелдер араласты. Байқатам бірнеше күндей жоғалып кетті. Сапардан қайтып келі: “Қалқұтқа жүреміз” деп қамдана бастады.

Бөтен елге жүрмек болды. Күзгі сасық тұмандай Балжанның жүрегінің көздің жасы жапырықты. Қоқырланып қашаннан жиналған мәлімсіз қорқыныш жанын өртеп, аузын бузан өгіздей Балжан ата-анасының соңынан аяқдай берді. Бірдеме сұрайтын адамша үйкен көйін бажыр-айтып, олардың бетіне қарай берді. Ата-анасы бір ауыз да тіл қатпады. Осы әңгіменің қызу үстінде, балық аулап отырған Әлтай күліп, Балжанға қарап: “Ақыр-ақ олар саған күйеу тапқан екен. Барған соң ұзағайды ғой. Әйтсе де мені мүлде ұмытып кетпе”, – деді. Деді де қармағымен тағы алданып кетті. Жаралы бұлан: “Не жатығым бар еді?” дегендей, ішінен қиналып, аңшыға қандай мөлініп қарайды, сол тәрізді Балжан да Әлтайға қарап қалып қалды. Бұл күні Балжан ағаштың саясында отыра алмады. Байқадам түскі тамақтан кейін көйінің шырымын алып, төсегінде темекі тартып отыр еді, Балжан әкесінің аяғына өкіре жығылып, бетіне жауаңдай қарай берді. Байқадам уағқан болды. Өзінің бетінен де жас сорғалады.

Қалқұтқа ертең ағанда жүруге байланды. Бала жасынан дос болған достарымен құшақтасуға Балжан сиыр қоралы барды. Ол қолымен ауыздарына шөп асатты. Мойындарынан кезек-кезек құшақтады. Көздеріне үніле қарады. Көзінің жасы тимей-тимей кетті. Бұл түні айлып оныншы түні еді. Балжан үйінен шығып, сүйікті өзені жиегіндегі жасыл шалғынды келіп құшты. Жер айбынды, үнсіз анасындай еді. Жер – Анасын құшағына алып: “Мені жіберме, ана! Мен құшқандай сен де мені қолдарыңмен мықтал құшып, жіберме!” дегендей көрінді.

Бірнеше күннен соң Қалқұт шаңарының бір үйінде анасы Балжанды аса қастерлеп, киіндіріп жағты. Бұрымдарын талдап өрді. Таңа моншақты саусылдатып қадады. Шолпы тақты. Құдайлық берген көркін бұзуға бар күшін салды. Балжанның екі көзі бұлаудай. Анасы көзі ісіп кетеді-ау деп қорқып, жылама деп ұрысты. Көздің жасы ұрысқанға көнетін-ау. Қалыңдықты көруге күйеу, құда келді. Соғымның матын таңлауға құдай келгендей, ата-анасының есі шығып кетті. Шымындық

ішінде шешесі қызына насихат айтам деп, көздің жасын одан жаман молайтты. Содан кейін сыншылар отырған үйге кіргізді. Манғаз мырза қызды айналдырып көп қарады да: “Онша жаман емес екен”, – деді.

Күйеу өте-мөте көзінің жасына зер салды. Жүрегі жұмсақ екен деп ойлады. Ата-анасынан айырыларда қатты қиналған жүрек тегін болмайды, “бұл – мұның жақсы жағы” деп түйді. Гананы қымбат қылған меруерттей, қызды қымбат қылатын көзінің жасы деген оймен күйеуінің сыны тамам болды.

Сәрсенбінің сәтті күні тойын қылып, ата-анасы қызын аттандырды. Қызын құтты жеріне қондырып, көңілдері бір демдеп, олар үйіне қайтты. Құдайға шүкір, екі дүниеде абыройы түгел, жандары жұмақта болады. Күйеудің қонысы құбыла жақта екен, кешікпей қалыңдығын алып, солай тартты.

Он күнге толмай-ақ жас келін сақау деген лақап дүңк етті. Сақау екенін білмегендерге Балжан жазалы емес, Балжан кісі алдаймын деп қашан ойлады? Сақау екенін көзі-ақ айтып тұрды. Бірақ оны ешкім ұққан жоқ. Төңірегіне көз салып, дағдылы тілімен сөйлесерлік жанды Балжан көре алмады. Бала жастан бірге өсіп, біте қайнап, сақау қыздың тілін ұғатын жануарлар да болмады. Оның үнсіз жүрегінде түпсіз, шетсіз, дауыссыз зар өксіп жатты. Ол зарды жалғыз-ақ жүрек тамыршысы есітті.

Әнеугідей емес, бұл жолы көзі түгілі құлағын да түріп. Балжанның мырзасы келіншегін оңдап тұрып қарады да, тілі бар бір жас тоқал гағы алды.

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 2-т. Повесть пен әңгімелер, аудармалар. – 221-226 б.

ТЕҢСІЗ, ТЕЛЕГЕЙ АТТАНЫС

(Джек Лондоннан)

1876-ыншы жылы Қытай бір жақ, қалған жер жүзі бір жақ болып, екі елдің араздығы шарыққа шықты. Сол араздықтың салдарынан Әмерике елдігіне екі жүз жыл болған тойың тойлай алмады. Жер жүзіндегі өзге жұрттардың да талай келешектегі істері шым-шытырық, ойран-топан болып, орнына келмеді. Селебе катерді жүреті сезіп, жер жүзі сілтідей тұнды; бұған шейін жетпіс жыл тынбай оқиға осы бетте шыныға берді.

Оқиғаның қара басы 1904-інші жыл екен, содан 70 жыл өткенде жер жүзі бұлқан-талқан болуға тағдыр жазыпты Орыс пен Жапан соғысы 1904-інші жылы болды. Сол кезде-ақ тарихшылар бұл соғыс Жапанның елдігін көрсеткені, таралғысын тартқаны деп топшылап еді. Дұрысында ол оқиға алып Қытайдың ұйқыдан оянған нысаны екен. Оның оянуын жер жүзі ұзақ күтті, күте-күте жалықты. Батыс халықтары Қытайды оятам деп байқаса да, Қытай оянбады. Дүниеде болдырмай-тыным жоқ деп, көкірегін кертген өзімшіл Батыс Қытайды бұ жалғанда оятуға болмайды деп қол қойды.

Сөйтсе, Батыс халықтары жаза басқан екен: Қытай мен өңдері арасында жуысарлық жалпы сыр, жалпы тіл жоқ екен. Екі жұрттың ой жүйесі екі арнамен ағады екен; олардың арасында жасырын сырды білісерлік жалпы лұғат жоқ екен. Батыстың ағыр ақылы Қытай ойының түбіне бара алмай, тайызға жетіп қайрандай, түсісіз тұңшықта қалқып тұрып қалыпты. Ал Қытайдың ақылы Батыс жанының әулем жеріне жетіп, ұғымсыз, меніреу қорғанға тұмсығы тіреліпті. Мұның бәрі — тіл бақалықтың қырсығы. Қытай баяғы ұйқысында жаға берді. Батыстың дүние-мүлік мәдениет жүзіндегі табысы Қытайға жеті қырдың астындағы жеті бәспалы кітаппен тең еді. Сол кітапты Батыс аша алмады. Ағылшын елінше сөйлейтін тұқымдардың ар жағында, әлдеқияда санасының гүлпірінде, одан ұғымды айтсақ жанында саксон (герман тұқымды) сөзіне келте жауап қайырарлық бір зейін бардай еді; Қытай санасының шынар аузында әлдебір Қытай таңбасына жауап берерлік бірдеме бардай еді; бірақ Қытай ақылы Саксонның келте тіліне жауап қайыруға олақ еді; ағылшын-саксонның ақылы да қытай таңбасына сондай топас еді. Олардың жан ырысы да, арқауы да екі алуан заттан жасалған еді; олардың рух әлемі біріне бірі жат еді. Міне, сондықтан Батыстың дүние-мүлік, мәдениет жүзіндегі табысы Қытайдың мәңгі ұйқысын бұза алмады.

Ал сонда Жапан деген шығып, 1904-інші жылы Ресейді соғысын жеңді. Жапан тегі Шығыс халықтарының ортасынан қараңғыны қақ жарып, екі құлағы тік шыққан бір шіңгі тұқым болды. Батыс нені ұсынса, соны қағып алатын болды. Батыстың пікірін Жапан тез сіңіріп,

кайнатып, пайдалануға шеберлігі сонша, аз жылда айбарлы жұрт болып, барлық қару-жарағын асынып, қан майданда шыға келді. Айуандар әлеміндегі табиғаттың әлдебір қалжағын ұғыну қандай қиын болса, Батыстың жат мәдениетіне Жапанның төтен шалымдылығын ұғыну сондай қиын болды.

Аузынан жалыны шыққан арыстандай Ресейді алып ұрып, Жапан айбарлы жұрт болуды көксеген зор арманын дереу іске айналдыра бастады. Керей (карей) жұртын сауулы снырдай отар қылып алды; айлалы елше, пайдалы серт, шырмаулы тор құрып, Манжүрианы дербес азық қылды. Жапан оны да місе тұтпады; Қытайға көз тікті. Қытайдың жері ұшан-теңіз; жерінің асты толған қазына – темір мен көмірдің кені; бұл екеуі жүрген жер мәдениетінің сауыры ғой. Жер байлығы тұрғанда өнеркәсіп қаулауға одан соңғы қосеметкей себеп еңбек қой. Қытайдың жел жеткісіз байтақ жерінде төрт жүз миллион жан мекен етеді. Есеп қылсан, мүшша жан жер жүзіндегі адам ұрпағынын төрттен бірімен тең; ол ол ма? Жер жүзінде еңбек қылуға Қытайдай ерінбейтін, көнбіс ел жоқ; тағдырға бас берген дін пәлсесесі, темірдей берік жаралған дене жүйкесі, билей білген адамдардай көсем болса, Қытайды жауынгер ел қылғандай еді. Жалаңдаған Жапан сондай көсем бола кеткені екі бастан белгілі.

Бәрінен де оңдысы – Жапанның Қытайға қан жүзінен қарындас-тығы еді. Батысқа перде есепті көрінген Қытай мінезінің жұмбағы Жапанға жұмбақ болмады. Жапан Қытайды ішек-қарнына шейін жете білді. Біз оны мәңгі білмес едік. Жапанның ой жүйесі қай жолмен жүрсе, Қытайдікі де сол жолмен жүреді. Ой бернесі, ми соқпағы екеуінде де бірдей. Сондықтан Жапан Қытай жанының қараңғы түкпірін кезіп кетті. Батыстың аяғы жетпеген жерге Жапан жетті. Еуропалықтар көрмеген қалтарысты Жапан көрді, олар өте алмаған күдерден Жапан жағалап өтті, Қытай жанының біз бара алмаған тарауына Жапан барып ұялады. Олар бір ауыл, бір бауыр ел еді. Атам заманнан бірінің жазуын бірі үйренген, есте жоқ ескі заманда екі ел де манғол тұқымынан өсіп-өрбіген. Жер жағдайының өзгешелігі, басқа жұртпен қан араласуы екі елді аз-маз өзгерткен, бірақ асылында атадан қалған қандастық арылмай, сүйегіне біте қайнасаң, екеуінде де бір ұйқастық сақталған. Жылдар, айлар өтсе де, ол қандастық жойылмаған.

Ал сонда Жапан Қытайды билемесін бе? Ресейді жеңгеннен кейін, Жапан тыңшы азаматтарын қытай жеріне аттандырады. Қытай ішіне мың-мыңдаған шақырым жерге шейін Жапан тыңшылары, еңженерлері құл киімін, саудагер киімін киіп, әйтпесе қаңғырған бұда (қытай, жапан діні) абыздары болып, сипіп кетті. Олар босқа қыдырған жоқ, пәлен су ағардың күші неше аттық, пабірік салуға қай жер қолайлы, таулардың, асулардың биіктігі қандайлық, соғыс кезінде бекінуге берік, осал тығырықтар қандай, шиманды өлкелер қай жерде, пәлен алапта өгіз

қанша. еріксіз соғысқа айдарлық диканшы қанша – міне, сондай кезекті аманатты орындап жүрді. Қытай жұртында мұндай сынақ мәңгі болған емес еді.

Кешікпеді, Жапан желегін сыпырып тастаған келіндей, көп сырып сыртына шығарды. Жапан әпесерлері Қытайдан әскер жасады. Орта ғасырдың айғыр үйіріндей аңқау құралды әскерінен Жапан қапралдары (салдат басы) 20-ыншы ғасырдың айлалы, әдісігі, әрі мерген, әрі өнерлі салдатын жасап шығарды. Олардың салдаты таңдама Еуропа ұлтының қай салдатынан болсын соғыста басым болды. Қытайдың қылдырықтай тышқан із, шым-шытырық арықтарын Жапан еңженерлері саралады, терен сайға айналдырды, зор пабіріктер, шойын құятын зауыттар салдырды, қытай жерін тейіпон, ділгірәм, шойын жолмен шарлады. Мәшине мәдениетін өрбіткен шеберлер Шонсаңда (Қытай жері) адам сұрағысыз мұнай тапты, жер жүзінде бірінші жүлде алған Оау-Уй-газ құдығын қазып шығарды.

Қытайдың мемлекет кеңестерінде Жапан кемесерлері конжиды. Жапанның мемлекет азаматтары Қытайдың мемлекет адамдарына ақыл үйретті. Қытайдың жауынгер ел болуы, саясаты қайта құрылуы Жапанның аркасы еді – олар оқымыстылар табын, қотенішектер атаулыны қуып, олардың орнына итіншек төрелерді отырғызды. Кент сайын, қыстақ сайын газет шығарды. Газет біткенде саясатты Жапан жазушылары жүргізді, өйткені, олар нұсқаны тура Тоқудан (Току-Жапан байақты) алып тұрды ғой. Бұл газеттер елді ілгері басу жолында тәрбиеледі.

Тұғкыылдан ояңған Жапан да дүниені сондай таң қалдырған еді, бірақ онда Жапанның барлық жаны 40 миллиондай еді. Ал төрт жүз миллион жаны бар Қытай сынды жұрттың оянуы әрі керемет, әрі мәлемет боп көрінді. Қытай күллі халықтың ортасындағы толқыған егін еді. Қытайдың даусы ұлт топтарында үйірге түскен сақа айғырдың даусындай саңғырлады. Жапан Қытайды айтақтады, Батыстың паң халықтары құрметпен құлақ қойды.

Қытайдың сұмдық тез көтеріліп кетуі көбінесе халқының еңбек-қорлығынан еді. Қытай барып тұрған кәсіпкі кейіпкер болды. Бұрын да солай еді ғой. Жұмысқа келгенде, дүние жүзінде ешбір жалшы Қытайға тең келген емес. Еңбек – Қытайдың дем алатын ауасы. Басқа жұрт алыс елге жорыққа аттануды, әйтпесе алыс жолға – Әжіге баруды қандай сүйсе, Қытай еңбекті сондай сүйер еді. Бостандық деген – Қытайға еңбек құралы деген сөз. Еріңбей егін егу, дамылсыз еңбек ету – міне, Қытайдың тіршіліктен де, тәңірден де тілегі. Қытай ояңды. Оның оянуы есепсіз еліне жалаң бостандық, жалаң еңбекке еркіндік беріп қойған жоқ, еңбектің ең жоғарғы, ең білімді, ең өнімді, жетікті бағытына жол ашты.

Қартайып, жасарған Қытай! Бұдан Қытайдың тік көтерілуіне бір-ақ аттам қалды. Қытайға жаңа бірлік, жаңа қайрат пайда болды.

Жапанның жүгенін киген Қытай ауыздығын шайнап пысқырынды, бірақ жай пысқырынған жоқ. Жапанның тілін алып, алдымен Қытай өз жеріндегі Батыстың миссионерлерін, енгенерлерін, капралдарын, саудагерлерін, тәрбиешілерін қуып шығарды. Содан Жапанның да сол тәрізді қызметшілерін айдады: Жапанның советшілерін қытай сый-сипатпен еліне қайырды. Батыс Жапанды оятты. Бірақ, Батыстын сүтін ақтаса да, Қытай Жапанның сүтін ақтамады. Қытайға көрсеткен шоласыз еңбегіне Жапан жәй ғана алғыс алды, құрғақ алғыстан басқа Қытайдың берері болмады, құр жың-қолаңымен Жапан адамдарын сауырдан сипал қоя берді. Батыс халықтары Жапанды табалап, сық-сық күлді. Жапанның әлемді арманы далаға кетті.

Жапан долданды – Қытай оны сықақ қылды. Сұмырайдың кекті қаны, қанды қылышы соғысуға аптығып айт-өйге қарамастан, Жапан соғыс жариялады. Бұл соғыс 1822-інші жылы болды. Алты-жеті жылдың ішінде Жапан Манжұриадан, Керейден, Пұрмозадан (Пұрмоза – Жапан аралы) айырылып, әуре болып, елден ине шаншар жері жоқ, алақандай аралдарына қайта тықсырылды. Жапан жиың майданынан шықты, айбарын жоғалтты. Содан кейін Жапан бар күшін өнерге салды, сұлудың сұлуын жасап, дүниені таң қалдырмақ болды.

Жұрттың аңызы аныққа шықпай, күшейсе де, аламандық, жауынгерлікті көксемеді. Напалионша жер жүзін бағындырам деп шарыққа құлаш ұрмады. Жайбаракат кәсібін істей берді. Алай-гүлей дәуір өткен соң, Қытайдың соғысынан емес, саудасынан қорқу керек деген наным жұрттың көкейіне орнады. Нағыз қатер қайда екенін ешкім де білмеді, оны кейін көреміз.

Қытай бұрынғыдай мәшине мәдениетін бүлкілдетіп қайната берді. Дәйім ұстайтын сансыз әскердің орнына Қытай одан да сансыз, тамаша үйретілген сайдың тасындай мелитсе құрып алды. Қытай кемелерінің дімкерлігі сондай, жер жүзі мысқыл етер еді. Қытай соғысы кемелерін күшейтуге тырысқан да жоқ. Кеме келетін теңіздердің сертті портына (порт – теңізде кеме тоқтайтын орын) Қытайдың сауытты кемелері келіп көрген емес.

Шын қатер – Қытай елінің балықтай өсімталдығы екен. 1870-інші жылдарда ғана Қытайдың қатерлі ел болғаны жер жүзін тітіретті. Қытаймен астасқан қоңсы елдер Қытай келімсектерінен алдақашаннан тынышы кетіп, қаңқылдаулы еді. Сол кезде Қытайдың жаны 500 мөлиенге жетіпті деген лақап дүңк ете түсті. Қытай оянғаннан бері еліне жүз мөлиен адамдай қосылған екен. Бұл кепке бұрыққалтер назар тікті. Ол сан жүйесімен жабайы есеп қылды. Ол Әмірикенің, Канаданың, Жаңа Зелендианың, Абыстралияның, Түстік Апырикенің, Англияның, Пырансиенің, Германияның, Абыстриенің, Еуропадағы Ресейдің, Искандиаудың халықтары қосты. Бәрін қосқанда, 495 мөлиен болды. Қытай-

дың адамын санаса, бұл керемет сипірден 5 мәліен артық екен. Бұрыққалтердің сипірі жер жүзін кезді. Сонда дүние тітіреді.

Талай ғасырлар отсе де, Қытай халқы онша етек алмай бір сипірдің маңында тұрар еді. Қытайдың жеріне адам лық толып еді. Басқа сөзбен айтқанда, Қытай жеріне қарағанда, жабайы кәсіппен адам баласын ең көп асырап тұрған жұрт саналатын еді, бірақ. Ал, Қытай оянып, мәшине мәдениетін мандытқаннан кейін оның ондірген табысы мейлінше молайды. Сол жерінде Қытай одан да көп жанды асырауға әдді жетті. Сонымет қатар Қытайдың өлгенінен туғаны басымдай берді. Қытай ауыр еңбек қып. әрең күнелткен кезде, ашаршылықтан өлестін адам да көп болушы еді. Мәшине мәдениетіне айналған соң, қорек те толықты, ашаршылық та жойылды. Қорек молыққан сайын адам өсімі де арға берді.

Қытай күш жинап, мәдениетін өркендеткенше, жер алам, ел алам деген ойды да қозғаған жоқ. Қытай озбыр, обыр жұрт емес еді. Бұл еңбеккор, құнтақты, тыныштық сүйгіш халық еді. Соғысты бір жағымсыз, кейде еріксіз істерлік ділгер жұмыс деп санаушы еді. Сонымен, Батыс халықтары өзара араздасып, жауласып, арбасып жатқанда, Қытай өз жайымен шегесін шықылдатып, еңбегін істей берді. күн санап көбейе берді. Енді Қытай елі әбден кемеліне келіп, кемерінен асын төгіле бастады. Пиеті болған Қытай сыбайлас елдің жеріне мұз топанша мымырантып, қаптай бастады.

Бұрыққалтердің сипірі елді біріктіргеннен кейін 1870-інші жылы Пырансие ежелден емешесін құртқан арманына жетуге адам салды. Пырансиеге қараған Үнді Қытайға, Қытай келімсектері алдақашан қап-тап, орнап алған еді. Пырашсие келімсектеріңді тоқтат деп жүрді. Оны тыңдаған жоқ, Қытай толқыны ағыла берді. Пырансие кесірлі отары мен Қытай шекарасына жүз мыңдаған әскерін орнатты. Қытай мелитсе салдатынан мәліен адамды әскерін жіберді. Оның артынан екінші қол жүрді. Ол салдаттардың қатын-бала, туған-туысқандары еді. Қытайлар пырансүз әскерін беймаза шыбындай типыл қылды. Қытай мелитселері қатын-бала, үмек-шүметімен 5 мәліеннен астам жан сезбестен келіп, Пырансиенің Үнді Қытайына, атақонысынан жаман жайланып, орнылып алды.

Намыстанған Пырансие тік көтеріле қаруға жабысты. Қытай теңізінің жағасына әскер, қару-жарақты кемелен төкті. Шығынға белшесінен батты. Шойырылып қалуға таянды. Қытайда соғыс кеме болған жоқ, Қытай бауырына жиырылған кірпіше, өз жерінің түкпіріне қарай шегіне берді. Қытайдың тастап кеткен ауыл, қалаларын жиектеп пырансүз кемелері ұдайымен бір жылдай оқтың астына алды. Қытай оған елең еткен жоқ. Өзге дүниеге несіне жалынсын. Ол пырансүз оғынан аулақ отырып, өз жайымен жұмысын істей берді. Пырансие ойбайды салды, аңдай ұлыды, азуын шайнап, қапырықты халықтарды

көмекке шақырды. Ақырында тура Қытай астанасы Пекинді барып талқанда деп айбынды әскер аттандырды. Бұл әскерде 250 мыңдай адам бар еді. Бұлар өңкей тістің суындай, сайдауыт, ардагерлері еді. Әскер Қытай жағасына жетіп, Құрыға шықты. Шай деп бетке қаққан Қытай жоқ, Қытай жеріне сүнгіп кіріп кетті. Сол кеткеннен мол кетті. Ол әскерден қайтып хабар-ошар болмады. Құрыға шыққан күннің ертеңінде-ақ хабарласарлық сым үзіліп қалды. Не пәлеге кез болғанын айтарлық бір шырансуз да тірі қалмады. Қытайдың апандай аузы бәрін жұтып қойды.

Соңғы бес жылда Құрыдағы Қытай күші шартарапқа қанат жайып, тез көтерілді. Сыйам Қытай патшалығының бір бөлімі болды. Англиенің арпалысканына қарамастан, Барма, Малай түбектерін қаулаған өрттей Қытай елі басты. Сібірдің түстік жақ шегін қалпымен Қытай басып, Ресейді үріккен қойдай ығыстырды. Жер алу деген Қытайға түкіргеннен жеңіл болды. Алдымен Қытайдың көш басшылары келді. Содан кейін қару-жарактың даусы шығатын болды. Қарсы тұрған әскерді Қытайдың мейітсе салдаты бордай тоздырды. Алған жеріне Қытай отар салып отыра берді. Бұ сияқты соғысты, мұндай жер алу әдісін дүние жаралғалы тарих жүзі көрген жоқ шығар.

Испалды алды, Бутанды ауызға салды, Үндістанның барлық Сібір жақ шетін осынау селебедей шеңкіліп әкетті. Батыста Бұхар жұтылды, құбылада Ауған тұтылды. Иран, Түркістан, бүкіл Орта Азия – бәрін де осы топан жанышты. Сол кезде Бұрыққалтер сипрін қайта бір қарап жіберсе, құдай ұрған екен, Қытай халқының саны 700, 800 мәлиенді қусырып, миллиартты шарпып қалған екен. Дәл қанша екенін адам біле алмады, “сірә, миллиарт барсың-ау” деп жүрісті. Сонда Бұрыққалтер дүние жүзіндегі ақ түсті тұқымдардың бір-біреуіне Қытайдың екі адамы келеді деп жариялады. Дүние сонда сілкінді. Қытайдың өсуге бет қойғаны 1904-інші жылдан бастап болса керек. “Содан бері Қытайда бір жыл да ашаршылық болмапты-ау” деп есепшілер естеріне алысты. Жылына 5 мәлиен жан қосылып оғырғанда, өткен 70 жылдың ішінде 350 мәлиен жан өсім кіреді екен. Кім біледі, әлде одан да артық шығар? Жиырмасыншы ғасырда Қытай сынды тез жасарып, тез өсіп, дүниені тігіреткендей, жалмауыз, жауынгер жұрт шығады деп кімнің есіне келген?!

1875-інші жылы Пиладелпі шәрінде зор тап болды. Бұл топқа Батыс халықтары тік көтере келді. Жақын Шығыстан да өкілдер болды. Бірақ топ ешбір байлаулы қаулыға келе алмады. Барлық халықтарда баланы көп табушыға бәйге тігілген деген сөз болды. Бірақ бұл жобаны есепшілер сықақ қып, күлдіге шаптырды. Өйткені баланы көп табуға келгенде қытайдан үздік жұрт табылмады. Қытаймен алысуға дұрыс шара ұсынушы адам болмады. Біріккен жұрттар Қытайға тоң айбат көрсетіп, бұ қылығынды қоймасаң, қиратамыз деген болды. Одан басқа

түк бітірген жоқ. Қытай тобына да, мемлекеттеріне де күліп қарады. Тон айбатын қырау құрлы көрмеді. Аждаға тақты қорғаушы Ли-Танг-Пунг Еуропалықтарға былай деп қайырды: “Ұлттар біріге берсін. Оның Қытайға керегі не? Біз ең ежелгі, ең алапатты жұртпыз, ел-елдің сырттанамыз. Біз өз міндетімізді атқармақшымыз. Рас, біздің міндетіміз басқалардікіне қайшы болатындықтан, оларға көңілсіз де шығар. Болғанмен қайтейік? Сендер бәрін бас қосып “алапатты тұқымбыз”, “жер мұраланамыз” деп сата беріңдер, біздің жауабымыз: “істі кезінде көреміз”. Сендер бізді баса-көктей алмайсыңдар. Сендердің соғыс кемелеріңнен біз қорықпаймыз. Босқа кеңірдек созбаңдар. Соғыс кемелеріміз аз екенін өзіміз де білеміз. Соғыс кемесін палессейлер үшін ғана ұстайтынымызды өздерің де білесің! Біз теңізге қызықпаймыз. Біздің күшіміз – еліміз. Оның саны жуықта миллиартқа жеткелі тұр. Сендердің арқанда біз бұл замандағы әскер әдісіне ие болдық. Қарлі әскерлеріңді жібере бер, бірақ әуелі Пырансиені естеріңе бір ал! Жарғы мәліен салдатты біздің жиекке төгу деген әр қарсына-ақ бар күшін салумен бір есеп. Біздің мыңмәліендеріміз оларыңды бір ақ қылқып жұтады. Мәліен жіберіңдер, 5 мәліен жіберіңдер, - бәрібір, жұтуымыз бір қалыптан танбайды. Түп-пә! Бос сөзді шатасыңдар, бір уыс жапырақтар! Әмірікелерің қилігінің еді, не бітірді? Біздің төккен 10 мәліен қанымыз бүкіл кемелеріңді тасқын қып жіберді. Мықты болсаңдар, соны жойып көр. Со немене? Ол біздің бір жылғы өсіміміздің жартысына да жетпейді”.

Ли-Танг-Пунг солай соқты. Дүние сен соққан балықтай аузын ашып, демі құрыды, құты ұшты. Қытай шын айтып еді, Қытайдың керемет өсімталдығымен алысарлық ылаж табымады. Халқы миллиартқа жеткен Қытай жылына 20 миллион қосылып отырғанда, 25 жылдан кейін бір жарым миллиартқа жетеді екен. Бұл 1904-інші жылғы жер жүзінің барлық жан саны. Бұған не шак келеді? Дәнемеден дәмесіз бұған не амал қыларсың? Ешбір бөгетсіз, судай тасыған осынша өмірді қалайша сырықтап тоқтатарсың? Соғысулаш түк пайда жоқ. Маңыздағы елдер ұрандасып бірігін жатса, Қытай күлкі қылды. Қайта олардың келгеніне қуанды! Қытайдың өлшеусіз жемсауына жер жүзі жиналып қанша әскер жіберсе де, сығандай еді. Әйтіп-бүйткенше, сары тұқым Азияны топанша қаптап баса берді. Батыстың алаң-бұлаң білімдарлары журналдарына оқымысты пікірлерін жазса, Қытай оны оқып, қарқ-қарқ күлді.

Бірақ Қытай кәдіріне жете алмаған бір оқымысты бар еді. Аты-жөні Иакобуш Лингдел еді. Асылында ол өзі оншама оқымысты да емес еді, онша дәріпті де кісі емес еді. Әуелі Иакобуш оқымысты болды. Оған дейін Ниуиорк шәрінде денсаулық жөнінен дәріс беретін процессүр еді. Жұрт оның қандай білімі барын да білмеуші еді. Иакобуш Лингделдің басы кәдімгі кісілердің басынан түк айырмасы жоқ еді. Бірақ оның басына бір ой келді. Осы бастың ақылы ойын жасырын ұстауға жарады. Ол журналдарға мақала жазуды қойып, оның орнына пұрсат алды. 1875

жылдың 19-інші сентәбірінде Иакобуш Вашингтон шәріне келді. Кеш мезгілі еді. Кеш те болса, ол шақырған пірезидентке барды. Пірезидент Мейермен есікті бекітіп қойып, үш сағаттай сөйлесті. Екеуінің сөйлескенін әлем соңынан білді. Ол кезде әлем Иакобуштың кім екенін керек те қылған жоқ. Ертеңінде пірезидент уәзірлерін шақырды. Мәжілісте Иакобуш та болды. Мәжіліс құпия еді. Со күні кешке бас хатшы Рупұс Каудері Башынгтоннан шығып, ертеңінде ертемен Англияға жөнелді. Оның апарған сыры өкімет адамдарына ғана ашылды. Иакобуштың басында қандай ой туғанын 5-6 ақ адам білген шығар. Дереу кемелерде, қайықтарда, қару-жарак қоймаларында қызу жұмыс басталды. Пырансие, Абыстрие халықтары сектеніп, құлағын тікті, бірақ өкімет сондай ант-су ішіп оларды сендірді. Өздері де мәлімсіз кепке сабырлықпен қарады.

Бұл дәуір – зор тыныштық, зор толастың дәуірі еді. Мемлекет біткен басқалармен соғыспаска серт қыл еді. Соғысқа алғашқы адым – Ресей, Германия, Абыстырие, Түркия, Гретсие әскер жасаудан басталды. Әскердің беті – Қытай. Міне, бар мәлім болғаны осы-ақ. Аз күн өткен соң теңіздерде ұлы жорық басталды. Қол-қол әскер лек-легімен әр мемлекеттен шығып, теңізді шарлап “Қытай, қайдасың?” деп самсады. Ұлт біткен кеме қоймаларын қақыратты. Баж дүкендері деймісін, хабаршы кеме деймісін, жүзбе майақ деймісін, – бәрі де Қытайға қарай қозғалды. Олар көнетоз кірейсір, ескі көбелі кемелеріне шейін тиеді, оны азсынып, сауда кемелерін де соғыс жабдығына жекті. Санақтың айтуына қарағанда, 58640 сауда кемелері жайнауыз лампы (прожектұр), жалмауыз зеңбірек киіп, әр жұрттан Қытайға аттандырылған екен.

Қытай жымыып, тосты да жатты. Еуропаның мөлиендаған салдаты Қытай жиегіне орнады. Қытай мөлиен мелетсесін бес есе арттырып, жауды күтті. Теңіз жағасында да осыны қылды. Бірақ есінен айырылып қалды. Сонша әбігер болып, қаруланып, қамданып, даяр тұрса да, жау кірмеді.

Қытай не екенін ұқпады. Сібір жақ шекара бейбітшілік. Жиектегі бір қыстақ, не бір қалаға тырс етіп оқ түскен жоқ. Соғыс кемелерінің мұнша сұрапыл жиналып, қара құрттай қаптағанын тарих жүзі көрген емес. Бар әлемнің кемесі сонда еді. Мөлиондаған көк сауытты кемелер Қытай теңізі шарқ ұрып, толқынды жосытып, күні-түні дамыл жоқ. Қанша жүрсе де, түк соғыс білінбейді. Соғысам деген ойларында да жоқ. Япырау! Бұлар қайткелі жүр?! Әлде Қытай қол-аяғын бауырынан шығарады деп дәме қып жүр ме? Қытай жымыюда. Әлде Қытайды аштан қатырып қырам деп ойлай ма? Қытай тағы да жымыюда.

1876 жылы он бір мөлиен жаны бар қытай астанасы Пекин шәрінде болған адам таң қалғандай оқиғаны көзі көрер еді. Ол қандай керемет десеніз, көше толған шан-шұң дабырласқан қола түсті жандар, бас біткеннің айдары артына салбырап, қыли көздер көкке қадалғанын көрер

еді. Олар жотарыда бұлтпен араласқан қарайған нүктені болжар еді, оның жат қозғалысына қарап әуе кемесі екенін білер еді. Қаланың үстінде кара шыбындай құжынап жүрген осынау кемелерден оқ жауар еді. Оқ емес-ау, жұқа шыныдан жасалған жіңішке түтікшелер түсер еді. Көшеге, шатырға түскенде, күл-күл болып қирап саудырап еді. Шыны түтіктердің кісі өлтірерлік тұқ қатері де болмас еді. Қорқынышты еш нәрсе де жоқ. Тым болмаса, мылтық дәрісі де бырс етпейді. Рас, бастарына жоғарыдан түтік түсіп, үш қытай олды. Жылында 20 мөлденнен өсім кіріп жатқан Қытай еліне үш кісінің шығыны деген не? Бір түтік бақтағы балықты кара суға тікесінен түсіп, сынбай қалды. Бак несі түгікті судан суырып алды. Түтікті ашуға батылы бармады. Досгарын ертіп, қаптаған топты соңынан шұбыртып сиқыр түтікті маңындағы магистратка (кеңсеге) алып барды. Кеңсеші ер екен. Шылым тартатын мыс түтігімен бір қойып, жұрттың көзінің шыны түтікті сындырды. Тан қалғандай дәнеме болған жоқ! Жақын тұрған адамдар түтіктен бірнеше маса ұшып шықты десті. Бар болғаны сол. Қарқылдасып топ тарасты.

Жалаң Пекін емес, бүкіл Қытайдың үстіне осындай шыны түтіктер жауды. Екі кісі отырғандай, құртымдай айыропландар соғыс кемелерінен ұшып шығып, қаланың ауылдың, қыстақтың үстінде қайтқан тырнадай қалықтап жүргенде, бір кісі мәшинені жүргізіп, біреуі түтіктерді тастап отырды.

Пекін шәрін баяғы көруші ай жарым өткенде қайта көрген болса, он бір мөлден жанның орнын сипалаған болар еді. Үйлер, көшелер, аулағын іші, жолдың бойы төбе-төбе болып үйіліп, сасып, шіріп жатқан мың-мыңдаған өліктерді көрер еді. Қалғандарын ұзын жолдың үстінен іздеуге тура келер еді. Топалаң тиген Пекіннен жұрттың көбі-ақ қашып құтыла алмағанын сезер еді. Олардың ізіне, шұбырып өлген жұрт мыңдаған адамдардың денесіне қарап, бәрі де қашқандығын байқар еді. Пекінде қандай болса, Қытайдың барлық қаласында, ауыл-қыстағында, үйінде, тұзінде осындан күйге түсіп, қырылғанын білер еді. Бір емес, екі емес, он рет, 20 рет қырғын табар еді. Қауырт аурудың неше тұқымы қытайды қаулады. Жаудың сонша қамданып, баптанып жатқанын өкімет кеш сезіп қалды. Сансыз көп әскер төгіп, құртымдай айыропландар ұшырып, титімдей түтік жаудырып, қайткелі жүргенін қайдан білсін. Өкіметтің жарнамасы түкке де сен болған жоқ. Дерт сенделген он бір мың сергелденді Пекіннен шығармай, дерт таратпай, қамап ұстауға жарнаманың әлі келмеді. Дәрігерлер, саулық қызметкерлері жүргені жүрген, тұрғаны тұрған жерінде арам қатты. Бәрін жеңген ажал патша ағам мен Ли-Танг-Шунғының декреттерін қырау құрлы көрсін бе? Патшаның өз басына да дәретке отырып, күліп өтті.

Бір ғана дерт болса, әлде қайтер еді. Қытай арпалысын көрер еді. Бір емес, ондаған дерт, бірінің үстіне бірі қаптаған соң, тірі жан аман қалар ма? Шешектен сау қалған, түйнемеден олды. Сары безгекке бой

бермеген адамды оба әкетті. Ал обаға болмаса, оны қағынды, не қара ажал дейтін топалаң қағып кетті. Бұл дерттер қайдан келді десеніз, олардың құрттары батыстың тәжірибеханаларында қолдан өсіріліп, Қытайдың төбесіне бұршақтай жауған шыны түтіктердің ішінде келіп еді.

Мемлекет ұйымы күйреді. Өкімет қардай еріп, тозғындады. Декреттен пайда болмады. Өйткені, оны шығарушы адам миңоттен кейін өзі де жоғалды. Өлім қуған ессіз мөлиендер тоқтамады, ешкімнің тілін алмады. Олар қаладан қашып, дертін ауылға апарып жұқтырды. Жаз өте ыстық болды – Иакобуш Лингдел уақыты айламен таңдалған екен – дерт күденің өртіндей қаулады. Көп нәрселер туралы оймен жүріп білуге тура келді, талайларын жалғыз-жарым жаны қалғандардың сөзінен білісті. Сорлы адамдар мөлиен-мөлиен болып, мемлекет жерінде сандалды. Қытайдың жинаған сансыз әскері бордай тозды. Елдің астығы талауға түсті, жаңадан астық егуші болмады. Шашылған егін жинаусыз қалды, жинайтын жан қалмады. Бәрінен жаманы – елдің босқаны болды. Елдің көбі босуда жүрді, олар шекараға тырмысты. Тырмыскандарды жаудың қалың әскері тұмсыққа ұрып, кері шегерді. Құғырған жаудың шекарадағы көрсеткен қорлығы, ұрып-соққаны адамның есінен қалмас. Батыстың қарауылшылары сансыз өліктен, дерттен сектеніп, 150-200 шақырым шегіністі.

Бір кезде топалаң майданды жарып өтіп, Түркістан шегін күзетіп тұрған Герман, Абыстыриа салдаттарына келіп тиді. Оңдай шаққа күн бұрын қам істелген еді. Алпыс мыңдай салдат қырылса да, ұлттардан құралған дәрігерлер көбісі дертті тоқтатып, қайта қуды. Осы топалаңмен арпалысып жүргенде, дәрігерлер жаңа бір құртты тапты: топалаң құрты басқа құрттармен араласып, жаңа бір құрт пайда қылады екен. Оның зәрі топалаңдықінен де уытты болады екен. Сол құрттың барлығын алғаш байқаған Бамберк еді, өзі сол аурудан өліп еді. Сонынан ол құртты оңаша алып, Стивенс, Газенбельт, Норман, Ландерс дегендер зерттеді.

Қытайды басқан теңсіз, телегей аттаныс осылай болды. Міліарт адамның күні қараң болды. Дерт кернеген кен даласына камалып, береке-бірліктен айрылып, өлуге ғана дәрмені келді. Құтылар ылаж қалмады. Құрттан қандай шегерсе, судан да сондай шегерді. Қытай жиегін 75 мың кеме күзетіп тұрды. Кемелердің түтіні күндіз су жүзін көк тұман қылып, түн болса жалмауыздың көзіндей жарқыраған электрі түнекті нұр қылып, бір қайықты, бір адамды қашырмады. Қашам деген уақ қайықтардың халі мүшкіл болды. Теңіз күзетшілерін бірі де қоз жаздыра аямады. Ол күнгі соғыс мәшинесі тозғындаған Қытайды қысып ұстауға жарады, дерт өз білгенін қылды.

Ескі әдісті ескі соғыс адам күлгендей естегі әңгіме боп қалды. Оның сыбағасына шалғыншылықтан басқа түк тимеді. Қытай соғысқа күлер деп, соғыс көрді. Бұл соғыс тым орасан, жиырмасыншы ғасырда

ғана болатын, оқымыстылардың, тәжірибеханалардың, Иакобуштың соғысы еді. Алты жүз пұт оғы бар зеңбіректер ажал аржалаған, ажал періштелеріндей шашылған тырнақтай дерт құрттарының жанында ойыншықпен бір есеп боп қалды.

1876-ыншы жылдың күзінде Қытайға тамұқ орнағандай еді. Құрттың араламаған түкпірі қалмады. Құтылуға не шара? Жүз мың жандар көмусіз. Күн сайын құрт өсуде. Күніне мәлиен адам қырылуда. Аштық денені әлсіретіп, құртқа жем қылуда. Кісі етін жеу, кісі өлтіру, талау, қырғын. Міне, Қытай өстіп құрыды.

Келесі жылдың өт жұлдызында деген сақылдаған сары аяздың кезінде Еуропаның алғашқы молшылары келді. Бұларды жолаушы, сейілші деп ағайды. Жолаушылар аз еді. Олар оқымыстылар мен әскер адамдары еді. Олар Қытайдың түс-тұсынан кірді. Дертке қарсы қандай кам істесе де бірнеше салдат, бірталай дәрігер өлді. Бірақ жолаушылар ерлік қыл-ды, қайтпады. Олар Қытайдың орнынан жел ескенін көрді. Ойран болған құла түзде түздің тағы иттері мен дерттен қалған қарақшылар ғана кезіп жүр. Жолаушылар аман қалғандарын тағы қырды. Сонда Қытайды сауықтыру деген зор жұмыс басталды. Бұған 5 жыл, жүз мәлиендеп ақша кетті. Содан кейін Қытай жеріне басқа әлем ағыл-тегіл аттанды. Аздап емес, ұлт-ұлт болып жөнелді. 1882-інші жылы Қытай жерінде қырық ру ел араласты. Бұдан зор қан араласу әлемде болған жоқ шығар. Бұл тәжірибе тетік, рух, көркемдік жүзінде қандай тажап жеміс бергені айдан жарық.

1887-інші жылы зор толастық күні толды. Елусіз Латарингіге таласып, Герман мен Франсуз қайта соғысты. Сәуірде Еуропаның үстіне қара бұлттар тонды. 17-ісінде Капенгаген шәрінде топ құрылды. Бұл топта ұлт біткен түгел еді. Сонда ұлтты бұдан былай Қытай аттанысындағыдай, бір-біреуімізге қарсы тәжірибехана соғысын ашпалық деп бата қылысты.

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 2-т. Повесть пен әңгімелер, аудармалар. – 246-257 б.